

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы


С. Дауешова
« 13 » 02 2024 ж.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының қалалық кезеңін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының қалалық кезеңінің (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін айқындайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың жаңа, заманауи тәсілдерін іске асыру үшін үздік педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау және тарату.

1.4. Міндеттері:

- тәрбие-білім беру процесінің мазмұнын жаңарту бойынша педагогтердің шығармашылық бастамаларын дамыту және инновациялық қызметке ынталандыру;

- педагогтердің кәсіби шеберлігінің өсуі;

- балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

- тәрбиеші мамандығының беделін арттыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

2.2. Байқауға кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері (педагог-психологтарды қоспағанда) қатысады.

2.3. Байқау екі кезеңде жыл сайын өткізіледі:

I кезең – қалалық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) деңгей (*ағымдағы жылы наурыз*);

II кезең – республикалық деңгей (*ағымдағы жылы сәуір*).

2.4. Педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін қалалық кезеңде басшылардың бұйрығымен (құрамы кемінде 7 адам) комиссия құрылады.

2.5. Қалалық комиссия Әдістемелік орталықтың қызметкерлері, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, білім беру саласындағы ғылыми және



талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

2.6. Қалалық комиссия байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.7. Байқаудың қалалық кезеңіне қатысу үшін қатысушы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім, электрондық форматта келесі құжаттар (материалдар) қоса беріледі:

1) қатысушының өтінімі (осы Ереженің 1-қосымшасы);

2) материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) белсенді сілтеме көрсетіле отырып, оқыту тіліндегі педагогтің **Е-портфолиосы** (осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес педагог портфолиосының құрылымы);

3) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес ұзақтығы 7 (жеті) минутты құрайтын **күні бойы режимдік сәттерде педагог қызметінің үзіндісі бар бір бейнематериалы**;

4) «Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогтің рөлі» тақырыбында 300 (үш жүз) сөзден аспайтын Word форматында **эссе**.

2.8. Байқаудың республикалық кезеңіне Бас жүлде иегері жіберіледі.

2.9. Байқау нәтижелері осы Ережеге 4-қосымшада орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес 5 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар

3.1. Қалалық кезеңнің жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде байқауға қатыспайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

3.3. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

4.1. Қалалық кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауының атауымен do_konkursy@mail.ru электрондық поштасына **2024 жылдың «15» наурызынан кешіктірмей жіберілуі тиіс**.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының қалалық кезеңі қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Гран – при;

- I орын;
- II орын;
- III орын.

Номинациялар

- Искер педагог;
- Креативті педагог;
- Өнерлі педагог;
- Жаңашыл педагог.

5.2. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары Орталықтың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

5.3. Байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Әдістемелік орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 48-11-57

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»
республикалық байқауының қалалық кезеңіне қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Лауазымы	
4.	Педагогикалық өтілі	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	
6.	Біліктілік санаты	
7.	Байланыс телефон нөмері, электронды пошта	
8.	Е-портфолионы қарау үшін интернет-ресурстағы белсенді сілтеме	
9.	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет бейнематериалы орналастырылған YouTube платформасындағы бейнематериал сілтемесі	

«Педагогтің Е-портфолиосы»

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) бір ғана белсенді сілтеме беруі тиіс.

Е-портфолио төмендегіні қамтиды:

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- еңбек өтілі;

- білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

- біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 5 (бес) жылдан аспайтын көшірмелері);

- наградалары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері);

- педагогтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Педагогикалық ұйымдары, білім беру ұйымдарының басшылары, әріптестер, басқа қоғамдастықтардың өкілдері деп тану (әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғамдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, дипломдар).

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- педагогтің соңғы 3 (үш) жылдағы кәсіби, шығармашылық байқауларға және спорттық жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады);

- тәрбиеленушілердің соңғы 3 (үш) жылдағы жобалар, шығармашылық байқаулардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

- педагогикалық тәжірибені жинақтау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату);

- зерттеу қызметі (ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, шығармашылық есептер, ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамалар туралы мәліметтер);

- тәрбие жұмысы бойынша құжаттар (материалдар) (экологиялық, еңбек, адамгершілік тәрбиесі және ата-аналармен өзара іс-қимыл бойынша материалдар);

- соңғы 3 (үш) жылда (web (веб) -ресурстарда және әлеуметтік желілерде ақпаратты тұрақты орналастыру, балаларды тегін оқыту - растайтын құжаттарды (материалдар), ақпараттық жүйесінде сілтемелерді тіркеу).

**Қатысушылардың «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы»
байқауына бағытталған күні бойы кіріктірілген ұйымдастырылған
іс-әрекеттің бейнематериалына қойылатын талаптар мен техникалық
шарттары**

1. Байқауға Ереженің талаптарына сәйкес келетін күн ішінде әртүрлі режимдік сәттерде кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнематериалы ұсынылады.

2. Ең төменгі ажыратымдылық-720 x 480 (12:8 см).

3. Бейне сабақтың ұзақтығы - 7 (жеті) минут.

4. Күн ішінде әртүрлі режимдік сәттерде кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің үзіндісі YouTube (YouTube) бейне платформаларына жүктеледі, Өтінімде сілтеме орналастырылады.

5. Орындалуы керек жалпы талаптар:

- күн ішінде әртүрлі режимдік сәттерде ұйымдастырылған іс-шараларды өткізу;

- заманауи инновациялық технологияларды қолдану;

- жайлы заттық дамытушы ортасын пайдалану;

- санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

- білім беру салаларының кіріктірілуін қамтамасыз ету (әр түрлі іс-әрекет түрлерінің, мазмұнының өзара байланысы);

- балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру (әдістері мен тәсілдері);

- білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауына қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері (5 балл)

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау	1.1	Соңғы 3 (үш) жылда халықаралық /республикалық/ облыстық кәсіби шеберлік байқауларының дипломдарының болуы
		1.2	Оқу-әдістемелік кеңесі (республикалық/ облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Астана) бекіткен авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды (соңғы 3 жылда) әзірлеу және енгізу
		1.3	Білім беру және тәрбие саласында халықаралық/республикалық/облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында немесе республикалық/облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары бар
		1.4	Мемлекеттік/ ведомстволық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың наградалары мен көтермелеулерінің болуы
2	Шығармашылық бастаманы дамыту және педагогтерді инновациялық қызметке ынталандыру	2.1	Республикалық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейлерінде семинарлар, мастер-кластар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу
3	Соңғы 3 жылдағы тәрбиеленушілердің жетістіктері	3.1	Балалар байқаулары мен зерттеу жобалары (республикалық/ облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астана) дипломдарының болуы
4	Эссе (300 сөзден артық емес)	4.1	Тақырыпты ашу. Өзінің зерттеу нәтижелерін пайдаланады
		4.2	Логикалық және дәйектілік, қорытындылардың болуы